

«Асыл Бұлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС

# **Педагогикалық кеңес хаттамалары**

2023-2024 оқу жылы

ЖШС «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес

Хаттама №2

20.10.2023 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: « Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту»

1. Дөңгелек үстел «Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамытудың нысандары мен әдістерін жетілдіру»

Меңгеруші: Пазилбекова М. Әдіскер: Тулимакова С.

2. Баяндама «Сөйлеу әрекетін дамытудағы арт терапияның рөлі»

Тәрбиеші: Шеримкулова Р.

3. Баяндама «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту тиімділігінің факторы ретінде педагогтің сөйлеу коммуникациясын дамыту»

Тәрбиеші: Танирбергенова С.

4. «Өз-өзіңді таны» – іскерлік ойын.

Психолог:

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші Пазилбекова М. «Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамытудың нысандары мен әдістерін жетілдіру» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелді қорытындылады.
2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Шеримкулова Р. «Сөйлеу әрекетін дамытудағы арт терапияның рөлі» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Танирбергенова С. «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту тиімділігінің факторы ретінде педагогтің сөйлеу коммуникациясын дамыту» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.
4. Келесі мәселе бойынша балабақша психологы « Өз-өзіңді таны» -іскерлік ойыны талқыланды.

-Өз-өзіңді танысаң – істің басы деп Ш. Құдайбердіұлы айтқандай қандай да бір істі бастамас бұрын бірінші өзіңді танып, құрметтеуің керек екендігін ұғындық. Мен кіммін дегн бөлімі арқылы бойымыздағы бар қасиеттерді айта білдік, сондай мінездерімізді тани білдік, мойындай білдік.

Қаулы етілді:



тәртібіндегі келесі мәселе бойынша топ балаларының тізімі жасалғандығын әдіскер  
Имакова С. айтып өтіп, тәрбиешілерге әлеуметтік карта толтыруды тапсырды. Әр топ  
балаларының жас ерекшелігі ескеріліп, стандарт талаптарына сай, ұйымдастырылған іс-әрекеттерін  
ұйымдастыруды талап етті. Балалар тізімі бойынша топ кереуеттеріне, төсек-орындарына, стөлдеріне  
маркировка жасауды тапсырды.

**Қаулы:**

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырылсын.
3. Әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес жұмыстар жүргізу тәрбиешілерден сұралсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырылсын. Түсіндірме Жұмыстары жүргізілсін.
5. 2023-2024 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылсын, бекітілсін.
6. Вариативтік компоненттерінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталсын.
7. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі түзілсін. Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарға сай ұйымдастыру тәрбиешілерге жүктелсін.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан қту кестесі түзілсін.
9. Кестеге сәйкес біліктіліктерін арттыруын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.
10. Топ балалар тізімдері жасалсын. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай топқа орналасуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

**Меңгеруші:**

**Хатшы:**



**Пазилбекова М.**

**Шеримкулова Р.**

**ЖШС «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы**

**Педагогикалық кеңес**

**Хаттама №4**

10.03.2024 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Сюжеттік-рөлдік ойындар сөйлеуді, қарым-қатынас дағдаларын қалыптастыру»

1. «Сюжеттік-рөлдік ойындар үшін пәндік-дамыту ортасын құру» есеп беру.  
Меңгеруші: Пазилбекова М. Әдіскер: Тулимакова С.
2. Баяндама « Рөлдік ойындар»  
Тәрбиеші: Самамбаева М.
3. Баяндама « Мектеп жасына дейінгі балалармен театр және ойын қызметін ұйымдастыру»  
Тәрбиеші: Тулимакова С.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Пазилбекова М. Балабақшада сюжеттік-рөлдік ойындар үшін пәндік-дамытушы ортаны құру жөнінде есеп берді.  
Меңгеруші Пазилбекова М.:  
-Мектепке дейінгі ұйым топтарында пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыруға оның құрамдас бөліктерін әр тараптандыруға тырысып, шығармашылықпен қарау керек. Мен балабақшада пәндік дамытушы ортаны талапқа сай ұйымдастыруға барынша еңбек етудемін.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе тәрбиеші Самамбаева М. «Рөлдік ойындар» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.

3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Тулимакова С. «Мектеп жасына дейінгі балалармен театр және ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

-Балабақшада театрландырылған іс-шаралар ұйымдастыру баланың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, тұлғаның шығармашылық бағытын тәрбиелеуге жақсы мүмкіндік.

Тыңдалды:

1. Әдіскер Тулимакова С. «Сюжеттік-рөлдік ойындар үшін пәндік дамыту ортасын құру» тақырыбындағы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбиеші Самамбаева М. «Рөлдік ойындар» тақырыбындағы баяндамасы өз тақырыбын ашты, мақсатына жетті деп есептелінген.
3. Тәрбиеші Тулимакова С. «Мектеп жасына дейінгі балалармен театр және ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақшада ұйымдастырылған «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында көрменің өту барысы талқыланды.

Тәрбиеші Самамбаева М.:

-Көрме өте жақсы ұйымдастырылған. Денсаулық сақтау технологиясына арналған құрал-жабдықтарды жасау, көрсету, қолдану жұмыстары өте тиімді ұйымдастырылған.

Қаулы:

1. Әдіскер Тулимакова С. Ұйымдастырған «Ұлттық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстел жоғары деңгейде өтілді деп танылсын.
2. Ұлттық ойындар элементтерін көптеп ұйымдастырылған іс-әрекеттерде пайдалану тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Тәрбиеші Берікбай Р. «Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Тәрбиеші Әуелбек Г. «Дидактикалық ойындар арқылы танымдық тәрбие беру» тақырыбындағы баяндамасы өз деңгейінде оқылды деп танылсын.
5. «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы» тақырыбында ұйымдастырылған көрме жоғары деңгейде өтті деп танылсын.
6. Балалардың денсаулығын сақтау, ептілікке, шапшаңдыққа баулу жұмыстары одан әрі жалғастыру тәрбиешілерге тапсырылсын.

Меңгеруші:

Хатшы:



Пазилбекова М.

Шеримкулова Р.

## ЖШС «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы

### Педагогикалық кеңес

#### Хаттама №3

07.12.2023 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балалардың денсаулығын сақтау танымдық құзіреттілігін ұйымдастыру»

1. Дөңгелек үстел «Ұлттық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру»  
Меңгеруші: Пазилбекова М. Әдіскер: Тулимакова С.
2. Баяндама « Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері»  
Тәрбиеші: Берікбай Р.
3. Баяндама « Дидактикалық ойындар арқылы танымдық тәрбие беру»  
Тәрбиеші: Әуелбек Г.
4. Көрме: «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясы»

#### Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Пазилбекова М. «Ұлттық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелде:
  - Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде екі қызмет атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлттық ойындар ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлттық ойындардың мазмұнын, ойнау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет-ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады.

2.Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Берікбай Р. «Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.

-Дене тәрбиесі- адамның дене мүшелерін шынықтырып, бала психикасының дамуына әсер ететін адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған көп қырлы педагогикалық процесс.

3.Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Әуелбек Г. «Дидактикалық ойындар арқылы танымдық тәрбие беру» тақырыбындағы баяндамасы талқыланды.

-Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлең және қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсеге үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да ұту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіштері.

# ЖШС «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы

## Педагогикалық кеңес

### Хаттама №1

28.08.2023 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

**Тақырыбы: «2023-2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»**

**Мақсаты:** Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары және негізгі жылдық міндеттемелерін талқылау.

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру
4. 2023-2024 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстыру.
5. Вариативтік компоненттер
6. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі
7. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі
8. Топ балалар тізімдері

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Пазилбекова М. сауықтыру жұмыстарының қорытындысын жариялады.

-Жазғы сауықтыру маусымында

2. Екінші мәселе бойынша меңгеруші Пазилбекова М. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды

-Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген. Ол мынадай бағыттарды қамтиды:

-әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын оның ішінде инклюзивті орта құру

-балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру

-тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік даңғдыларын қалыптастыру

-Отанды сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу

1. «Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу қызметін дамытудың нысандары мен әдістерін жетілдіру» тақырыбындағы дөңгелек үстел өз деңгейінде өтілді.
2. Тәрбиеші Шеримкулова Р. «Сөйлеу әрекетін дамытудағы арт терапияның рөлі» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Тәрбиеші Танирбергенова С. «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту тиімділігінің факторы ретінде педагогтің сөйлеу коммуникациясын дамыту» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Педагогтердің психологиялық хал-ахуалдарын салыстыру, өзін-өзі тану арқылы көп нәрсеге қол жеткізу секілді іс-шараларын көптеп өткізу психологке жүктелсін.

Меңгеруші:

Хатшы:



Пазилбекова М.

Шеримкулова Р.

## ЖШС «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы

### Педагогикалық кеңес

#### Хаттама №6

12.06.2024 ж.

Тақырыбы: «Заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруды арттыру» семинары

Семинардың күн тәртібінде:

1. Көрме «Ұлттық құндылық тәрбиенің алтын арқауы».
2. Семинардың ашылуы, бағдарламасын таныстыру.
3. Тәрбиеші Тулимакова С. «Джунглиге саяхат» атты ұйымдастырылған іс-әрекет.
4. Тәрбиеші Самамбаева М. «Құм терапиясы» ұйымдастырылған іс-әрекеті.
5. Тәрбиеші Танирбергенова С. «Су патшасы Сулеймен» тақырыбында ұйымдастырылған спорттық іс-әрекеті.
6. Тәрбиеші Әуелбек Г. «Мен өскенде кім боламын» атты ұйымдастырылған іс-әрекеті.
7. Тәрбиеші Берікбай Р. «Дәмді дәрумендер» атты ұйымдастырылған іс-әрекеті.
8. Тәрбиеші Шеримкулова Р. «Ертегілер кейіпкерлерімен бірге» ұйымдастырылған іс-әрекеті.
9. «Айлин» балабақшасының әдіскері Нурдилдаева Жұлдыз «МДҰ-да жазғы сауықтыру шынықтыру шараларын ұйымдастыру» тренингі.
10. Психолог Жетпісбай Зарина «Шаттыққа толы көңілмен» атты тренинг.
11. Семинардың қорытындысы.

1. Бірінші МАД тобы және тәрбиешісі Тулимакова С. «Джунглиге саяхат» атты ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды.

-«Балдырған» балабақшасы тәрбиешісі Құдайбердиева Ләйла:- өте жоғары деңгейде өтті. Тәрбиешінің алған тақырыбы өте тамаша және кең ауқымды.

-«Айжарқын» балабақшасының тәрбиешісі Сапарова Ұлжан:- шығармашылық дағдыларды өте керемет өтті және балалар жақсы меңгерген.

-«Раяна келешегі» балабақшасы тәрбиешісі Жуарова Жәмила:- заттық дамытушы ортасы керемет жабдықталған, бірақ сәл киімдері кедергі жасады. Кішілеу қылу керек.

2. «Қызғалдақ» ересек тобы және тәрбиешісі Самамбаева М. «Құм терапиясы» атты ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды. Сөз алды:

-«Тұрсынай ана» балабақшасы тәрбиешісі Кенжетаева Гүлзина:- ұйымдастырылған іс-әрекеті де, тақырыбы да керемет, бірақ шығармашылық кезінде қызықты әуен қойылған да өте керемет болушы еді.

Семинар қорытындысында «Асыл Бұлан» балабақшасы семинарды жоғары деңгейде алып шықты және меңгеруші Пазилбекова Майра , психолог Жетпісбай Зарина, «Айлин» балабақшасы әдіскері Нурдилдаера Жұлдыз, барлық тәрбиешілерге марапат берілсін деген қаулы етілді.

Меңгеруші:

Хатшы:



Пазилбекова М.

Әуелбек Г.

# ЖШС «Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы

## Педагогикалық кеңес

### Хаттама №5

20.05.2024 жыл

Қатысқандар: 6

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау»

Мақсаты: Оқу жылын қорытындылау, 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын әзірлеу. Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау.

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы
2. №5 педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылау нәтижелері «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау» Меңгеруші: Пазилбекова М.
3. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есеп. Әдіскер: Тулимакова С.
4. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. Мейірбике: Бабаева У.
5. 26.05.2024 ж. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Пазилбекова М. : - №4 педагогикалық кеңес шешімін орындау тұрақты түрде жүргізілуде.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші Пазилбекова М. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау» тақырыбындағы педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылаудың нәтижелерін ұсынды. Педагогикалық кеңестің шешіміне мыналарды шығаруды ұсынды: жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттердің мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру. Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Пазилбекова М. Өзін-өзі бағалау нәтижелерін ұсынды. 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс қанағаттанарлық деп танылсын.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Тулимакова С. Сөз алды. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылында даму бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебімен таныстырды. 2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне бағдарлама жобасы бекіту үшін ұсынылсын.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Бесінші мәселе бойынша мейірбике Бабаева У. Сөз алды. Ол өз сөзінде қатысушыларды жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды.

Міндеттер:

-Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.

-Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік ке тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

Алтыншы мәселе бойынша Пазилбекова М. 2023-2024 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлінуі, жазғы кезеңге арналған күн тәртібімен таныстырды. Қатысушылар жоспарды мақұлдады.

-Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

-Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін.

Меңгеруші Пазилбекова М. Педагогикалық кеңестің шешімінің жобасын жариялады.

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімін бақылауда қалдыру
2. Жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттерді қайта қарау
3. Өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Алынған нәтижелер негізінде 2024-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын құруға кірісу.
5. Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммасы бекітілсін.
7. Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге бекітілсін.

Меңгеруші:

Хатшы:



Пазилбекова М.

Шеримкулова Р.

-«Күлімқыз ана» балабақшасы тәрбиешісі Дархан Айгерім:- балалардың іс-әрекеттің өте керемет , бірақ балалардың дауысы естілмеді.

3. «Құлыншақ» ересек тобы және тәрбиешісі Танирбергенова С. «Су патшасы Сүлеймен» атты ұйымдастырған іс-әрекетін талқылады. Сөз алды:

-«Еркебала» балабақшасы тәрбиешісі Дүйсенбек Алтынай:- ұйымдастырылған іс-әрекеті

Жақсы, бірақ сөз арасында орыс тілі көбірек қолданылды. Қазақ тілін ғана қолданып өткізілуі керек еді. Алдағы уақытта ескеріледі деп ойлаймыз.

4. «Балдәурен» орта тобы және тәрбиешісі Әуелбек Г. «Мен өскенде кім боламын» атты ұйымдастырылған іс-әрекет талқыланды. Сөз алды:

-«Арыстан» балабақшасы тәрбиешісі Түлебаева Маржан:- Мамандықтарды аша білді, заттық дамытушы ортасы керемет ұйымдастырылған.

- «Айсұлтан» балабақшасы әдіскері Гүлмира ханым:- Өте жақсы деген баға қояр едім, қызықты және көрнекіліктері жақсы, дайындық бар.

5. «Балауса» орта тобы және тәрбиешісі Берікбай Р. Ұйымдастырған іс-әрекеті тақырыбы «Дәмді дәрумендер» . Сөз алды:

-«Алтын білім» балабақшасы тәрбиешісі Әуелханова Жанна:- Балалар ұйымдастырылған іс-әрекетті жоғары деңгейде алып шықты. Ерекшеліктері көп болды.

-«Кәусар S» балабақшасының тәрбиешісі Орынбай Малика:- көрнекіліктері, ресурстары өте керемет болды. Жағымды тәрбиеші. Балаларды баулу, толық қамту, қызықтыруы жоғары деңгейде.

6. «Жұлдыз» кіші тобы мен тәрбиешісі Шеримкулова Р. «Ертегілер кейіпкерлерімен бірге» атты ұйымдастырылған іс-әрекеті талқыланды. Сөз алушылар:

-«Батыр бала» балабақшасы әдіскері Гүлнар ханым: - Ұйымдастырылған іс-әрекет жүйелі, бірақ шеберлік аз.

-«Ұлжан ана» тәрбиешісі Рыскүл ханым ұсыныс айтты:- Тәрбиеші кейіпкерлер мен бірге киім киіп қатысу керек еді, ал жалпылама алғанда ұйымдастырылған іс-әрекет жақсы өтті. Балалармен әлі де жұмыс жасау керек.

7. «Айлин» балабақшасының әдіскері Нурдилдаева Жұлдыз «МДҰ-да жазғы сауықтыру шынықтыру шараларын ұйымдастыру» атты баяндама оқыды және түрлі-түсті құмдарды бояу арқылы көңіл-күйді көрсетті, әр балабақшадан тәрбиешілерді шығарып тренингке қатыстырды. Баяндама мақсаты толық орындалды.

8. Психолог Жетпісбай Зарина «Шаттыққа толы көңілмен» атты тренинг өткізді. Жас маман болса да, тәжірибесі бар екені көрініп тұр. Тренинг барысында шармен және тәрбиешілерді ортаға шығарып қызықты ойындар ойнатылды. Барша қатысушыларға керемет көңіл-күй сыйлай білді.